



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**2024 жылдың 6 айында халықаралық ақша аударымдары жүйесі арқылы
515 миллиард теңгеден астам аударылды**



Астана қ.

2024 жыл, 19 тамыз

2024 жылдың I жартыжылдығында халықаралық ақша аударымдары жүйесі (бұдан әрі – ХААЖ) арқылы жүргізілген аударымдардың жиынтық мөлшері 2023 жылдың осы кезеңіндегі көрсеткішпен салыстырғанда 19%-ға төмендеп, **515,3 млрд теңге** болды.

ХААЖ арқылы жүргізілген аударымдардың дені (**94%**) – жеке тұлғалар арасындағы өтеусіз аударымдар. Бұл осы жүйелердің жеке аударымдар үшін ыңғайлы болуында, себебі мұнда банктік шоттарды ашу қажет емес.


ХААЖ арқылы жүргізілген аударымдардың негізгі бөлігі (**98%**) Қазақстан мен басқа елдер арасындағы **трансшекаралық аударымдарды** білдіреді. Оның **75%-ы шетелге** жіберілді. Ол 2024 жылдың I жартыжылдығында **383,8 млрд теңгені** құрайды. Бұл аударымдардың шамамен **87%-ы «Золотая Корона»** жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Қазақстаннан шетелге жүргізілген бір аударымның **орташа сомасы 330,1 мың теңге** болады. Негізгі алушы елдер: *Ресей (31,2%), Өзбекстан (26,8%), Түркия (20,9%), Грузия (7,7%) және Қырғызстан (3,6%)*.




Шетелден алынған аударымдар жалпы көлемнің **23%-ын** құрады. Бұл **120,4 млрд теңгеге** тең. Бұл аударымдардың едәуір бөлігі «Золотая Корона» және «Вестерн Юнион» төлем жүйелеріне тиесілі. Шетелден Қазақстанға жүргізілген бір аударымның **орташа сомасы 279,3 мың теңге** болады. Негізгі жөнелтуші елдер – *Ресей (28,3%), АҚШ (12,4%), Оңтүстік Корея (11,2%), Өзбекстан (9,7%) және Түркия (7,4%)*.



Елдер бөлінісінде 2024 жылғы қаңтар-маусымда шетелден алынған аударымдар динамикасы



2024 жылғы қаңтар-маусымда шетелден алынған аударымдар көлеміндегі ХААЖ үлесі



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz